

ЖӘНІБЕК ӘЛИМАН

СЕРТ

**ЖӘНІБЕК ӘЛИМАН**



**ЖЫР қітабы**

**ҚАРАГАНДЫ – 2015**

Тұңғыш жыр кітабымның жарық көруіне  
демеушілік еткен атынтай азамат  
**Сапар ИПКЕЕВ** және дәнекер болған  
**Айтбай ЖУМАҒҰЛОВ** агаларымы  
алғысым шенсі!

Жакмен бірге дауыс түркі. Рухтың үні.  
Өмір сүру – дауыс шақыру. Адамантың ішкі даусы  
пендиуи тірлігімен үйлесе мег?..

Қарғандылық жас акын **Жонібек ӨЛИМАН**  
тұңғыш жыр кітабында озық қасиеттер төзіретінде ой  
толрайдым. Өмірден соңін білген соңым құбылыштыры  
соға болады.

Кітап көшілік оздырманға арналған.

# «ЖЕР БЕТИНДЕ АҚЫРҒЫ АҚЫН ӨЛГЕНДЕ...»

8

Мен баспаған мақпал даға –  
Жазылмаған хаттар жаңа,  
Өмір деген – көңілде ерен  
Таңбаланған шақтар гана...

Есімімді ел котерер,  
Бесігімді тербет, өнер!  
Жүректегі жеруйықта,  
Мен қалайын...  
Сен кете бер...



## СЕРТ

...Баяғыда былғанған гой мына әлем,  
Мен әуелде Сақ бол тугам – бұла дем.  
Ерлігіне дүр сілкінген дүр әлем.  
Мен әуелде-ақ Сақ сарbazы

Шырақ ем!

Ей, есалаң ессіз тобыр, иені үқтың?  
Дүниеге Күн бол, Фұн бол келішін!  
Қас дүшпанын қара қанға тойдырыш,  
Патша атанған Томиристей көріктім.

Өлексе жеп, тығындаған оңешін,  
Маңайыма қаптаң кетті неге сүм?!

Есін жиган Еуропа емес пе ед  
Көріп алғаш ер Еділдің елесін.

Содан бері түскені жоқ ор еңсем,  
Тәңірімнің алқауы гой — көгерсем.  
Ор еліммен бірге көрем – не көрсем,  
Ор еліммен бір көнерем – көнерсем,  
Тәңіріне гайбат айтқан жалаңбұт,  
Не жамандық көріп едің менен сен?..

Фашыл кетіп, гайбат айтпан расырға,  
Азат күннің багы барда басымда.  
Күлкі болмай тексіадер мен тасырға,  
Ес жигалы егестім де үлтүм деп  
Ең соңында рух бол тудым расында.



Есінді жый, ей, есалан, көр кеуде,  
Бұл күйімді қақың бар ма кормеуге?  
Алла алдында аят оқып тұрамыш  
Жер бетінде ақыргы адам өлгенде.

Жер бетінде ақыргы ақын өлгенде...

20 желтоқсан, 2011 жыл



## АБЫЛАЙДЫҢ ТҮСІ

Арыстан да қалмапты түске енетін,  
Дашыншан да аруақты түс көретін.  
Базыналы жұртым-ай, Ботақандай  
Көр түбінде жатып ап тістенетін...

Балықтайын шіріген басынан ел,  
Тігетүгін таппай жүр қосына жер.  
Құлқынынан аспаған бүгінгінің  
Түсі түгіл, ісінен шошына бер...



## ӨЦІМ СЫНЫҚ

Жалгай алмай жырымды  
өңім сынны,  
Өңім сыннық – келемін өмір сүріп.  
Шайқап тегіп шаттықты, мұң-налага  
Жүргегімнің қойыпшын төрін ұсынып.

Сагыныш-шер жанымды  
білепті ерен,  
Сүлдерімді әйтеуір сүйреп келем.  
Мұң өптірген маған тек мына жалған  
Ыржалақты орынсыз үйретпеген.

Сақ-сақ етіп күледі сайқал қогам,  
Санасызга сықпыта байқалмаган.  
Бүгежектеп бөрінің болтірігі  
Келімсекке шағымын айта алмаган.

Еңсе басып елеусіз батпан қайтым,  
Үрши келсем үрымтал  
шакты аулаймын.  
Берілігім байқаусыз тузде қалып  
Тұлкі өмірге таланып жатқандаймын.

Тогышарлар толассыз арды жалмап,  
Рухым елес секілді сөл қыландац.  
Баяны жоқ тәуелсіз гүмбырымды  
Тәуелді етпек біреулер қарғыбаулап.



Аргымак ем атыздай, сере жалы.  
Күндерімнің кетіп тұр неге мәні?  
Баянсыздау бұлышыңыр,  
бұлдыр күнмен  
Баян ізден алышын келем әлі...

2010 жыл



\* \* \*

Қараганды,  
Вокзал алды абат гүл,  
Азан-қазан бай мен кедей, жалақ құл.  
Қаныш кекем қара жүрттан қара үзіп  
Күншығысқа қарап түр.

Бабам бейне оянғандай түс коріп,  
Айтпасына қоймай, білем, ішкі ерік.  
«Қазақмысым» қайда дейді,  
жазған-ау,  
Қазақ, мысың қайда?» деді тістеніп.

Қаныш ағам қабагында сұсты зіл.  
Зәре-күтүм үшты-дур...  
«Маңғаз қазақ мәңгүрттеніп кеткен бе  
Мінезі де қалмапты той, мыс түгіл»,

Кекем солай сейлеп кетті күмбірлеп:  
«Бірін-бірі қазақ неге жур күндеп?»  
Тобыр біткен күшінеді күңкілдеп:  
«Бізге өктем сейлейтіндей  
бұл кім?» деп.

Ессіз тобыр жетесіз,  
Ашынадан азып тутан иекесіз.  
Қаныш түгіл Құдайын да ұмытқан  
Нетесіз?!

Жауап ташай Сәтбаевтың сезіне,  
Ыңаланып құл-күтанның езіне.  
Үят қысып, дат айтпаққа билікке  
Тура таритым хан орданың езіне.

Қайран басым абыржуды білмеген,  
Тарпаң қалпым жүрген ем.  
Қайсар рухым қайта ояныш кеткендей  
Бұкар бабам аттаң түсті мінбеден.

А, Құдайым, өңім бе бул түсім бе,  
Жан біткені мусінгे?!  
Қаңғып көшіп кеткен екен хан орда  
Тірі жан жок ішпінде.

Аласұрыш жүрегім,  
Ылғи осы күйді кешіп жүремін.  
Балбалдарын оятар ма ед Дештінің  
Күү үшін үлтсыздықтың тунегін...



## БӨРІ ҰЛИДЫ

Күнгірт тартты құбылыш күнім арда,  
Жыр ойнайды жасындаі  
жылы қанда.

Аруагы асып Алаштың кете барған  
Ай астынан көк бөрі ұлығанда.

Ай астында көк бөрі... ұлығанда  
Айбар бітіп Алашта тірі жаңга.  
Көшпелі елдің көгінен Тәңір шығыш  
Фасыр көшіп, жылжыған  
гұмыры алға.

Түркі елінің қалған гой түнде кегі,  
Тәңірісіне табыныш күн кереді.  
Шер-шеменін бөрі бол соған шағыш  
Жүргегінің жазылған жырмен емі.

Тәңірге Алаш, табынған Айға бөрі,  
Тірлігінің текстілік айғагы еді.  
Бөрі айбарын қалдырыш бағзы күнге  
Тұлқі болған түркінің қайран елі.

Қайран елі түркінің!  
Бөрі айбары  
Кекіректен өшсін бе оцай бөрі?!

Түн баласы турутпектеп мені оятқан  
Алтай шыңы, орманы, тогайлары...



Зұлмат дәуір зәнәрлі зәрін үйді,  
Кайдан табам байыргы соны күйді.  
Тозып біткен түркінің рухын жоқтап  
Әлсін-әлсін Алтайда бері үлиды...  
Бері үлиды...

Маусым, 2011 жыл



\* \* \*

*«Жанбота, осы ма еді олген жерім?..»*  
**БІРЖАН САЛ**

Теріп көр тағылымын баяғының,  
 Ойымның оғаш көрем саябырын,  
 Елімнің еркесі бар, серкесі бар,  
 Басы — аңыз, ортасы — жыр,  
 Аяғы — мұн...

«Жанбота» — тындайтын ән  
 халқым үйыш,  
 Кеудеме қалғандай сол ән түйіліп.  
 Есерге поштабайдай сабатса да  
 Біржанның Азнабайдан нарқы биік.

«Жанбота» — ашу-ыза  
 үшкыны ма ед?!

Сал Біржан сергелденге түсті кілец.  
 Соққысы поштабайдың жасытқан жоқ  
 Кеудеден ызалы ән бол үшты, білем.

Жадыбас қамшы үйірген қаһарлана,  
 Күлік қой Біржан жаңы жатар дара.  
 Сол күннен Азнабай мен  
 поштабай жоқ  
 Сал Біржан, ызалы жыр, мақам гана...

Ақпан, 2010 жыл

**СЕС  
(ЖАҢҚАШҰЛЫНА)**

*«Тұяғы барлар туган соң тыныш  
жатар ма?!.»*  
**КЕНШІЛК**

Мынау құлқын – мешеуліктің  
месіндей,  
Анау жүртүң – кие сіңген есімдей!  
Көне күннен кіріп келдің қалага  
Көк бөрінің ит қашырган сесіндей!!!

Үят тұнар жара қаптап көздерді,  
Түнгілар қара қатқақ кезге енді...  
Орда қалмай орынында ой қалды  
Тылсымынан Тәңір бізге сез берді!

Құлышында, құнаншығар тайда емген,  
Қазақ еді құрсағында-ақ арда онген.  
Тамырында тошырагы, тегі жок,  
«Өлем» дейді бұлардың іші кердең?!

Тақ тигенмен болмады елге тұтқа сүм.  
Жүргегіне жерлеп күлді жүрт жасын.  
Мерт болады мен білетін жүйріктер  
Мезгілінен озып өте шыққасын...

Кекейінде Қарқаралы, тау өні,  
Жатсан-турсан есінде сол алады!..



Ханға айтқысыз қарасы сол топырак  
Күрсінеді құрығандай амалы...

\* \* \*

«Қазақта бақсы  
асқан жоқ Қойлыштайдан...»  
**МАҒЖАН**

Арқамды аруақ қысып, кек кергесін,  
Ауады аласұрыш өткенге есім.  
Қазақта Қойлыштайдың қонған кие  
Шайырдың шарпыш өтсін  
от кеудесін...

Жанымда жеткенде үшып  
жын Қақаман,  
Күркіреп көк аспаннан тіл қата алам.  
Кеш түсे күмбір-күмбір күйге елітсем  
Қыландар бақсы би қыр-жотадан.

Шарпылған күйі көкке, әні асқарға,  
Бабамның өнеріне талас бар ма?  
«Қазақта бақсы асқан жоқ  
Қойлыштайдан»  
Тарту қып берген екен  
Алашқа Алла...

Баз кешсе бәйек болып бүлінетін,  
Бақсының жын-перісіз күні жетім.  
Жыр қылыш кейінгіге кеткені анық  
Мәңгілік ұлы өнердің құдіретін.



Құбылып лықсып шыгар ыргагынан,  
Бақсылық – байлауы жоқ бүл да  
бір ән.

Құния, құдіреті басым білем  
Тағдырдың тоқсан тарау жұмбагынан.

Айыгар қобyz тартса қалың кептен,  
Бозарыш Қойлыбайдан сабыр кеткен.  
Бабамды бақсы қылған жын·пері емес  
Түсірген ерек етіп Тәңір көктен.

Тірліктің талқандай сап тас қабірін,  
Кондырган жер төсіне аспан үнін.  
Тәңірмен тілдесспек ем оятпақша  
Қалғыған Қойлыбайдың қасқа мұнцын.

6 қазан, 2011 жыл

## АҚ БАУЫР БҮЛТТАР

Ақ бауыр бүлттар маңып барады,  
Ауып барады қалықтап өні.  
Қамыға берген қаңғыбас көңіл  
Сөулелі сөзден жарық табады.

Шұғыла жұтқан құбыла мекен,  
Қызара батса сұғына кетем.  
Ақбауыр бүлттар ақ тамақ қыздай  
Ақ көңілімді ұғына ма екен?!

Сұлулық сыйған сазына керім,  
Ақ тамақ қалқа — нәзік әдемім.  
Алаңсыз жүзген ақ бауыр бүлтты  
Ақ тамақ қыздың назы ма дедім?..

Ақ бауыр бүлттай көшім өрелі –  
Ақбаян қыздай есілер еді.  
Ақ бауыр бүлттар аңырай көшсе,  
“Ақтабан” күндер есіме енеді.

Ақ бауыр бүлттар аялдамайды,  
Аялап құшар таянған Айды.  
Аялдап қалған көшпелі гүмыр  
Аядай жаңга қаяу жамайды.

Ақ бауыр бұлтты жел көшіреді,  
 Ақ сағым ойнап белде есіледі.  
 Ақ бауыр бұлттай ағыла көшкен  
 Алаштың арда кол-косір елі...

...Салтанаты асқан көшпелі дәурен  
 Файышка сіңген келмесім еді.  
 Сол жүртты жоқтап сабыла көшкен  
 Арыла көшкен көшпелі бұлттар –  
 Арызымды айттар шерлесім еді.

Шерлесім еді...

Шілде, 2011 жыл





三

Заманыңнан запыран, заһар ағып,  
Түйсіктілер түңілер қапаланып.  
Өңкей жебір зекіген торге шықты  
Ақымактар айқаймен атак алыш.

Құлан құлап құдышқа құны кетті,  
Құрбақаның құтырар күні жетті.  
Тұтырынан тайған соң текті қыран  
Қыр көрсетіп құзғындар ығыр етті.

Жетесіадер желкеңнен жекіреді  
Содан барып сенімің сетінеді.  
Торе болыш кеткен соң төлеңгіттер  
Шабармандар шен алыш секіреді.

Бәле төніп басыңа бүлік бексе –  
Шаң қаптырар сырт беріп үміт-кексе.  
Үлтым дейтін ынсанты үл  
қайдан шықсын  
Үлдан ұлық, қызынан  
қылыш кетсе...

Наурыз, 2010 жыл



## ОРАЛ

*«Асқар Орал кәрі алып күзет*

*турған...»*

**МАҒЖАН**

Түркі бабам билеген байыргы күн,  
 Сен үгарсың, бір үқсаң шайыр мұнын.  
 Алтын бесік кешегі Алтай, Орал,  
 Тұңғышыңың қанатын  
 қайырды кім?

Бұла шағын өткізген бөрі арланы,  
 Кек Түріктің күндері-ай соны,  
 арналы.

Батыс жаққа бейуақта аза оқиды  
 Оралмаган шақтарым Оралдағы.

Сайқал уақыт, сен соны естідің бе,  
 Азамды айттым күн батқан  
 кепкі інірge?

Құсаланып басына бөрі шықса  
 Қайран мекен дір етер ес тубінде...

Бөрі емес-ау мен қалдым сосын ұлыш,  
 Баянсызын бес күннің кеш үғынып.  
 Тәңіріне табынып тау орнында  
 Түркі елінің жатқандай сесі бұгыш.

Қалмагандай тағдырда басқа амалым,  
Алыбымдай түюлі қас-қабагым.

Кекке үмсыныш Оралдай

қалғыш кеткен

Тебіреніп тыңдаймын аспан әнін.

Тәңір ұлы түйсінер көкте сыр көп,  
Шалагайдай кетпейін шеткө сын бол.  
Биігіне борілі байрақ тіктім  
Орман басын Оралды кетпесін деп...

12 қазан, 2011 жыл



**МЫСҚЫЛ**  
*(КҮРМАНҒАЗЫҒА)*

Кешшітетін ташаған соң көңілге ем,  
 Өлексе емес, өмір іздең өмірден.  
 Құшып-сүйіп, оралыңың барында  
 Ұшып шығып тірлік дейтін  
 кебіннен...

Жыныды Әбенниң жүрттын кеттің  
 бетке алып,  
 Сәкендейтін серік іздең текті анық,  
 Жүрген үлді өркениет мысқылдан  
 Илеп үрді сол жүрттынан  
 шет қагып...

Ит қыш көрмек...  
 Иілген жоқ ол да аса,  
 Отқа түсіп сорламақ-ау сорласа...  
 Әпенде іздең несі бар ед? Айыбы –  
 Сәкенді іздең сорлаганы болмаса...

Айырмасы осы-ақ күллі кешеден,  
 Елшілдеуге емес-ті онда еп те кем...  
 Құзғын біткен құдитады кезінде  
 Қиясбайдың қадіріне жетпеген...

Мысын елдің басқанымен өрекпіп,  
 Жаны өзгеден жүрген жоқ-ау  
 кем оксіп.

Ұлтқа тұтыр ұлы Абайды үқпаган  
Киясбайын қоғам қайтсін керек қып?!

Бақсыздайын бүлінбеске бүлініп,  
Жақсыздайын жақсылыққа құнығыш,  
МЕНДІ қойып, МЕНИКІМЕН сүйдіріп,  
Ақыр соңы сен де өтерсің түніліп...



• • •

*«Ей, тәкеппар дүние...»*  
**ҚАСЫМ**

Аламанда азуын Айға білеп,  
Аласұрыш, үмтыйлды қайда жүрек?  
Өлең болыш тұмырың өрілгенмен  
Ойдагы кеп, сөнер ме бойдагы кек?!

Озегінде өлең қып ар-ибасын,  
Тураны үшін тәрк еткен фәни-бәсін.  
Зәрін тогіп зұлмат күн оте шықты  
Жергегінде булкынған саби Касым...

Кайырмасын шырқатпас әннің асыл,  
Дімкәс, шала дәуір-тін зәрлі, насыр.  
Құлагыма зарлы үнің қалған тұнып  
Касымдарды қаңыткан қанды расыр.

Кеудем шерлі, көңіл пәс,  
басым бодан,  
Мен сүйетін қалмапты ғасырда мән.  
Жанбай қалған ағаштай шала бықсып  
Тузеле алмай келеді тасыр когам...

Тозған шақта тұлыштай гүмымыр өнді,  
Ұласады түнекке түн іреңі.  
Қасым жыры түркілер тұлпарының  
Түягынан қап қойған дүбір еді.



“Ей, тәкәшпар дүние”, ақ дүние,  
Атилладай саған да болдым ие.  
Аманаты Аманжол балысының –  
Қара өлеңі қазақça мәңгі кие.

Ақпаз, 2011 жыл



\* \* \*

Өркениет!

Келді бізге ел көрмей.

Алаш аң-таң сүмдық дәп бұл,  
бей, нендей?!

Алаш аң-таң: жаяу құрлық кешегі

Жаулаушы жүрт атты Фұнды  
көргендей!!!

Баса-көктеп кесел етпек жер үстін —  
Өркениет!

Алаш аң-таң жоқ ұсқын:

Кене ханның басын көріп кесілген  
Безе қашқан боярындай орыстың!!!

Кез етсе кім содан құлқы дәмелі...

Өркениет —

Жезөкшениң әлемі!

Нұрсыз ақыл, қырсыз қайрат немесе  
Сәулесіз жан, елексе тән — бәлелі!

\* \* \*

Кеңіл делбеп, көгертпес косегемді,  
Қоюым керек шыгар осы өлеңді?!  
Шідерім жоқ Ләйлім қыз олжалайтын  
Сүйретпейін сабылып бос өремді...

Жұмыр басқа жар болыш  
жашшар Ием,  
Түссе деп ем өлең боп хатқа кием.  
Жүре берсем бір күні баба салдай  
Атқа мінем... немесе отқа күйем...

Несібеме не дейсің нала сырлы,  
Не десең де қоймаймын таласымды.  
Жазатайым жазылған жұмыр өлең  
Өмірдегі алшеусіз бага сынды.  
(Бір қуаныш қаламын бала сынды.)

Өкіметке өгей тіл, өгей гүрыш,  
Жыртығымды жамар ма  
жебей жүріп?  
Тірлігінен тобырдың тумысы жат  
Не демейді... Мен жайлы  
не дейді жүрт?!



Болтірік ем басқадан болмысы жат,  
Бақ табам деп жүргенде  
сөр құшып ап,  
Бақыт іадеп жүргенде сорға ұшырап,  
Ақыретке барғанда білем, Алла,  
Өлең жайлыш боларын соңғы сурақ.

18 желтоқсан, 2011 жыл



\* \* \*

Будақ-будақ бұлт ауыш тәбемізден,  
Өлең оты лаулайды өремізден.  
Адам қылыш жаратып Тәңір Ием  
Бабамды кок боріге неге емізген?

Қадым заман ол дәуір – жұмбақ елес,  
Тылсым сыры көненің тынбақ емес.  
Құ мен сүмға табынып құлдың бері  
Білмеген шақ Құдайын  
буриагы ел еш.

Құллі ғалам мақұрым Иесінен,  
Жын-перідей адасқан жиі есінен.  
Жалбарынар жан болса бір Аллага  
Жаңылмаган бері еді киесінен.

Пенде біткен жаңылса Ардан құлай,  
Оңбайтынын сездіріп жалған бұлай.  
Тым болмаса боріше табынсын деп  
Бері баурына түркі ұлын  
салған Құдай.

Тұз елітіп тылсымға, тағы үніне,  
Көзім жетіп құладым тағы, міне.  
Бері сүті арқылы бойға дарып,  
Қанға сіңген табыну Тәңіріме.

Арды қүшқан жүрекпен алыш, арда,  
Алламды мен осылай танығанда.  
Басқа тобыр Хақ түгіл, Тәңір түгіл  
Қара тапшай жүретін қағынарга.  
Тәні түгіл көміліп жаны лаңга.

Замананың айналды зары занга,  
Кетсем бе екен айналыш кәрі ұзанға?!

Рух тілінде өзінмен тілдесерге  
Куат берші жаныма, Тәңір-Алла!

### ЕСКІ ЖҮРТТА

Жапырагы жайқалған соны шалғын,  
Мен де бір күн сен құсан  
толысармын.

Тағдыр тілген жүрегім  
жырым-жырым  
Жүртта қалған жанымда болысар кім?

Жүртта қалған... Кием бар  
ескі көнде,  
Ескі көнде бес түлер бесті кеуде.  
Сере мұнды сейілтіп сонда барыш,  
Шеменімді шағамын оқсігенде.

Дәуірлер-ай, деміккен дәңестегі,  
Ескі жүртта есліген елес пе еді?  
Жусанына жыр оқып жігерлене  
Борі үніне балқымын белестегі...

Белестерден борі үні талыш жеткен,  
Тұнді үркітіп, талықсып  
Тәңірді өпкен.

Бұлдыраган бағзы шақ, көшпелі күн  
Өрісіме жете алмай қабынды өкпем.

Сейтіп сарнай көшемін құба-қырдан,  
Құба қырда жанымнан мұң ағылған.  
Ескі жүртқа еріксіз жерлеп кеткем  
Ескі урдісін бабамның мұра қылған...



Талай босап, қайтсам да талай налып,  
Соңғым-ақ кеп түрады тагы айналып.  
Құр сүлдерім қалада жүргеніммен  
Рухым сонда қалғаны қалай да анық.

**22 қыркүйек, 2011 жыл**

ДАУЫС

Төңрегім түгел дыбыс, түгел үн,  
Бірі келіп жалмаш жатқан біреуін.  
Тәнір берген таң қаларлық даусымды  
Дүниеге таныста алмай жудедім.

Басыма ақыр бөле болды бұл сүмдүк,  
Іштен тыныш үнсіз ғана күрсіндік.  
Шерге ораныш шыққан ойлы үнімді  
Қайдағы бір жұтыш алды

Мен түглі даусым солай қаңғырды,  
Әумесерлер қагыш алып әлгі үнді,  
Біреулері тебесінен балға үрді,  
Біреулері тасқа да үрді, тауға үрді.

Кенірдектен мыстан тажал  
кыскандай,  
Амал құрып, ышқынарлық  
куш қалмай,  
Аяп кетем азап қүшқан үнімді  
Сыртқа сосын жүрем ылғи  
тіс жармай.

Оңтайлы сәт туганында өмірде ең,  
Бір жаңғыртам әлемді бар деміммен.  
Дүр сілкінед жаңан сонда даусымнан  
Немесе өзім жаңыш кетем сол уннен.



## МЕН ТҮРКІ ЕДІМ...

*«...Түнеріп жур түннен туган  
перілер,  
Тәңірісін табанына  
таптаған»*

**МАҒЖАН**

Қатпарына көңілдің кек түнеді,  
Кекірегіме қоңыр мұң екті нені?  
Құлагыма тундерде талыш жеткен  
Кек бөрінің Алтайда оксігені.

Оксігені... ол белкім, ұлығаны,  
Кек Тәңірге жеткенде мұңды, зары,  
Түнекті өктеп кеткенде тағы даусы  
Тагат ташай түн ұлы бұғынады...

Оксігінде өретін зарлы мұңын,  
Айғақ етіп Тәңірге Арлылышын.  
Түн баласы киесін борі баққан,  
Түркі жұрты күтетін таң гұмырын.

Мен түркі едім...  
Арайлы таңда туган,  
Базынам да, байлығым Арга тұнған.  
Кірпігімен күлгендеге күн шыгарып,  
Қанаарланса шок шайнап,  
қан қақырган.

Өктемдікпен откерген сан гасырын,  
Тек Тәңірге шағатын арда сырын.  
Дүбірімен жаһанды коктей откен  
Едіге мен Еділдің жалгасымын.

Тәңір текстес танымас түркі ерін кім?  
Болмысымды ерлікпен бүркедім мың.  
Үйықтап кетсем байқаусыз мазалайды  
Мұлгіп кеткен киесі Күлтегінің.

Тәңірінің түскенде көктен нұры,  
Өзегінде өнетін өктемдігі.  
Әлемді алам тары да Атилланың –  
Аруагы шалықтап кеткен күні...

28 қыркүйек, 2011 жыл

## «БАРАДЫ БАТЫІП БІР КҮН...»



\* \* \*

Жамалы жақұт нұрлы,  
Барады батыш бір күн!  
Мен болсам мұңға байыш,  
Қойылған жырга лайық,  
Налалы леп белгідей қатыш түрмyn!

Зарлымын іші күпті,  
Тағдырым түсініксіз, түсінікті...  
Барлығын өзім жасап журмегендей  
Өр жылым бойыма артты кіслікті...

Кіндігі шер-налада,  
Ыңдыны жырга кепкен мен гана ма?!

Тірлігі кейде күйкі, кейде дара,  
Адамзат сүймеген соң пенде гана!

Ерттеп ап ерікті атша,  
Дерт жамап сезім сұық, сезік патша.  
Ортке орап, жаңыш кеткен  
жаксы, білем  
Күн құсан шығарына сеніп батса...

Сорыма сүйенгенде,  
Жогыма жетшеген соң күйем мен де.  
Қорыца былғантым жок, тәнмен бірге  
Түспесе болғаны да килем көрге...

Түршігіп тағы келем,  
Қырсығыш кетсе кетсін бөрі менен.  
Аузыма тықпай жетім журегімді  
Қасымда қала түршы, лағыл олең!  
Жаным, олең!..

## АНА

I

Адамзатқа ақынның опа мұны,  
Боталыны боздатпа, о, Тәңірі!  
Жаның төсеп жолыма жапа шеккен  
Ана, сенің жүргегің Отан ұлы!!!

Адамдыңпен өлшенсе өмір мәні,  
Құзырында қалар ед сенің бәрі...  
Адам бола алмаган пенделер бар  
Сен келесің Хауа боп жолында әлі...

Сен келесің сыйдырыш гүл шагыңа...  
Адамзатты – күллі ұлы қасіретті!!!  
Сен келесің сыйдырыш қурсагыңа...  
Адамзатты – күллі ұлы қасиетті!!!



## II

Сені жасыта алмапты өмір көрі,  
Өзді өзі ауре менікі иениң зары?!  
Жалғыз үлдүң ертеңі болмаса, ана,  
Дүнне гой басқасы қолындағы...

Соңымдагы шұбырган гу-гу осек,  
Жанындағы қайғы мен  
мұнды кесеп...

Күзден бетер тоналдың шалыс бассам  
Бізден бетер жудедің — біз жудесек.

Багыштады демесең елге өнерді,  
Ар-намыссыз, ақымақ, сорлы емен-ді.  
Бір қызыгым көтерсе сені қекке  
Бір қылышым тірідей жерге көмді...

Сан биіктеп, сен солай сан басылдың,  
Әлегінен әуейі алғаш үлдүң.  
Қиқарлыгым, Құдай-ау, ішім сезед  
Жасар әлі жалмады-ау  
сан жасынды...

Өреліге болған ба өмір мәні?!

Омір мәні...

Менікі соның зары...

Жалғыз үлдүң ертеңін  
қойшы, құрысын,  
Ол бір жұмбақ Алланың қолындағы...

## АҚИ КҮН

«Күннен туган, Рұннан туган...»  
МАҒЖАН

Арасында фәнидің һәм бақиңың,  
Мен де, сірә, бірталайға татимын.  
Міз бақпайтын, сыз қаппайтын  
сезімін –  
Ей, ақи күн!

Озып әр күн көзім алдын жас алды;  
Күн астында күнім түсед қашанғы.  
Айласы бар, айнасы бар, ойнасы...  
Адамзаттың күні құрысын жасанды!

Жердегі кіл жасандының кем ары,  
Нұр бол тылсым, күн бол тұрсың  
сен әлі...  
Адамзаттан арам шықты жамағмен  
Ала-қула заман шықты небары!..

Ей, ақи күн, жарықтық,  
Күн астында...  
Жалықтық та, зарықтық.  
Тәңір көзі, тылсымыңмен жебей көр  
Біздің бейбақ халықты!



\* \* \*

Шұрқырап шықты құлыш дем,  
Жүрек қой тағы бүлінген.  
Сыбырлан самал тіл қатты  
Жапырақтағы дірілден.

Ақ шашақ сағым нұр зерлі,  
Қиялда қалқып түрленді.  
Кезімнен үшып жоғалған  
Жүрекке түсіп үлгерді...

Мәңгілік кескен үкім бұл,  
Тұрақ та таптай тұтылды үл...  
Арқамды қысып оятқан  
Түркіден қалған түқыл жыр.

Күттірмей келген кезегін,  
Сонымды ғана сеземін.  
Тәңірге тартып барады  
Тірліктің өртеп өзегін.

Зарыма иіп заңгар кек,  
Аузыма салды Аллам бек.  
Өлең деп сүю өмірді  
Тірлікте басқа қалған жок.

25 маусым, 2012 жыл

\* \* \*

Ыңгарымен ықтырған ізгі үмітті,  
Ала құйын көңлім күзді күтті.  
Күзді күттім үзіліп, үздігіп мың  
Алабуртқан күйіндей қыз-жігіттің.

Күзгі жауын... кінөмшіл,  
күдігі көп,  
Тарқатылды арудың бурымы бол.  
Түзге көктем келсе де жібімейтін  
Күз бол еткен жандар-ай  
жылуы жок.

Сары жалқын нұр сіңген шалғайына,  
Тәңір алтын тылсыммен тал бойына,  
Тізбекті өмір тырналар топ құрганда,  
Күз деп гұмыр басыпты маңдайына.

Бес күндіктің базары бар ма қолда?  
Арман дейтін адастым арда жолда.  
Күз мұнары кейіпті ізгі жаным  
Күте-куте көктемін қалған ол да...

Күмілжуін қарашы күзгі өнірдің,  
Қылымеуын қайтесің қыз көңлідің.  
Ақыры атар таң болса атырапқа  
Жөні болмас оны да сыз керудің.



Айдың сұлу дидарын бұлт қамайды,  
Кез бояран көктемге жүрт қарайды.  
(Көктем ару қай көркін тықпалайды?)  
Күзді сүйем!  
Өйткені, ол жалтақтамай  
Дүниенің козіне тік қарайды...

30 шілде, 2012 жыл

\* \* \*

Мұң жұтып қара түннің қабагынан,  
Сыр жұтып сағым күннің жанаарынан,  
Отырам ойға кетіп, жазу жазып,  
Құтылып тағдырымның талауынан.

Мұң іштім қара түннің калбырынан,  
Нұр іштім бұлтты күннің  
жанбырынан.  
Сытылып шыға алмасым  
мәлім, білем,  
Төңірдің төлкек еткен тағдырынан.

Қайтейін қара түнді тілсіз, үнсіз,  
Ой қуып, миым қалған бір тынымсыз.  
Мазасыз қалың оймен арбасамын  
Мұндылау, бірақ, менің  
сыртым үнсіз.

Басқалар базынамды білмес мынау,  
Түн құсан түнеріп бір күн кештім-ау.  
Жанымды аласұрган неғылайын,  
Сыр бүккен қара түнмен  
үндес мынау?!

2010 жыл



\* \* \*

Жүрек тулап, жынды қылыш  
жүйке бір,  
Сыргақ соғып сұып кеткен ми-темір.  
Адамзаттан алаботен жаратыш  
Ақын қылыш қинайды екен ит өмір...

Сорым қайнап, сол азапқа байланьым,  
Кез алдымда шыр айналыш  
айман күн.  
Мұз жалғанга мейірімдей босаңған  
Ана, сенің жүрегіце қайранмын...

Өмір шыгар...  
Өлең жазғым келеді,  
Көңіл шыгар...  
Түсіне ме ел оны?!  
Құрсағыңда қалай сыйғам, қиналыш  
Өз-өзіме сыймай барам, себебі...

Дүниеде мейріміце қане тең?  
Мен олемге күллі ананы жар етем.  
Біреу кердең... шіренигенмен  
енди үқтым  
Тағдырыңың түйір жыры  
ғана екем...

Қапелімде қадау-қадау ой бүгыш,  
Ана десе, жүрек жылыш, бой жібіп...



Тұған әке-шешені естен шыгарып  
Тұған күнін шатасады ел  
той қылым...

Өмір сырлы жалғанда бұл...  
қапалы-ақ,  
Махабbat деп көкиміз-ау жата қап.  
Аналардың құрсағынан өнген гой  
Күллі мына дүниеге іцкөр махабbat!!!



**НАЗ**  
*(Е.А.-га)*

Түсіне алмай жүргендей  
 ешкімді ешкім...

Сен өмірge даусыңмен кескін кестің.  
 Мені өлең қып көлкітіп жыр Тәнірі  
 Тастанай салды ішіне бес күн көштің.

Қанатынан өуениң сен үзілдің,  
 Құдіреті иектеп мені жырдың.  
 Басқа – басқа, білгенім өуен мен жыр  
 Сыңарындай мен үшін егізімнің.

Тұмандытыш кез алдым және тұрам,  
 Кеңілімнің секкендे қек етін ән.  
 Кеңістіктің бос жерін сығымдаған  
 Қарыздай·ақ даусына боп отырам.

Жыларыңды, білмейсің күлерінді,  
 Армандаі қып көрсеткен бұл өмірді  
 Аманаты Алланың – өнер кие  
 Жанитын да қаритын жігерінді.

Өзіндей үк...  
 Жан байыш, қуанарға.  
 Сезім кейіп кез жасым тұнады Арға.  
 Қоңыр үнің қаңқ етсе қара өлеңнен  
 Үкі тағып жібердім жұбанарға...

2 тамыз, 2013 жыл

\* \* \*

Сәулелерден сыйымдаң сез қашадым,  
Даурен өрген жанымда өзгеше арын.  
Олең кие көшеді өр-ылдида  
Күміс нұрга қалқыған кезбе сағым.

Жүргіме құлаган күз, жапырақ,  
Басқалары санай ма бізді ақымақ?!  
Адамзаттың алдына тусер ме едім  
Тылсым үшқан осынау

түзді оқып ап.

Дүркіреген дүние пендеге оцай,  
Маган ауыр сезілді... елге қалай?  
Шеңберінде қап қойған  
шерлі адамзат  
Шыр айнала бергенде жер домадай...

Жаным — кектен,  
ал, тәнім — қара жерден.  
Сауық құрдым сезгелі сана безбен;  
Адамдардың ішінде ақын өліп,  
Пенделердің ішінде адам өлген...

Түйсінем де туршігіп сезем анық,  
Өзім емес, жанымның өзегі арыш.  
Іргесіне тірліктің ілініп ап  
Ілгерілеп кетпейсің не жоғалып...



Тұманына туысқан тірлігі бек,  
Талайларды көрдім мен  
                          құлдығы жоқ.  
Тас төбене түйіліп тұрыш алған  
Бір құдірет сөнбейді, бір құдірет...

22 тамыз, 2014 жыл

\* \* \*

Үзілген көктен жүлдышбын,  
Жүргегі күлді жыр қыздың.  
Кегілдір көктен зауласам  
Көре алған дейсің күндіз кім?

Кегілдір көктем – қыз бейнең.  
Жүргем менің түздей кең.  
Сұрланған сұрқай тірліктен —  
Кеудемді қауыш күздей дем.

Есіркеп болды ез үміт,  
Сагыздай іріп, созылып.  
Бес күндік мынау фәниден  
Баз кешіп барам безініп.

Сабылып журмін сор қайнап,  
Күйкі бір іске қол байлад,  
Және бір күнім құлады  
Кек шолақ атын борбайлап.

Алланың сезі әуелгі,  
Кеудеме қонған өлең-ді.  
Қызарған күнге қош айтып  
Жырга арттым жалғыз дәмемді.

30 наурыз, 2012 жыл



\* \* \*

Жанымның өлең ағып жылгасынан,  
Әйтеуір, әлденеге күнде асығам.  
Сүзем деп қарап едім судан жакұт  
Мөлдірдің тунық көрдім түнбасынан.

Мен содан мәнмен едім  
тыныш қалдым,  
Тұныққа қарай-қарай құрықталдым.  
Сылқылдаш суретімді су ішкенде  
Өзімді өмір түгіл үмытқанмын.

Бетіме, басқама да қарайламай,  
Су салды суретімді шарайнадай.  
Таң қалыш тұрганымда тамашаға  
Тіл қатты көктен тамған арайдан Ай.

Сол күймен сендей лықсыш  
мың түледім,  
Келген-ді көк аспан боп құркірегім.  
Еріксіз ескі жүртта қалыш қойдым  
Жанымнан откіздім де жүрт легін.

Тұнықтан тылсым іштім  
тұндырыш ап,  
Жүректе шолпы түннің сыңғыры қап.  
Арбалыш «Мың бір түнге» жүргенімде  
Батқанын білмей қалдым  
күннің үзап.



Алланың аян беріп, буган демі –  
Жұмақтың жүрекке сол тұнған лебі.  
Қызықтап қырт өмірде қалмақ едім  
Ажал гой асықтырыш құған мені...





卷之三

Каперімнен тамызып қара тунге ес,  
Ақылымның андадым агатын кеп.  
Қас қағымның қалдырып  
Жылдамдығын  
Қара өлеңім, қайғының  
канатын кес.

Өнердегі қайтейін ақымды бұл?!  
Сатулы нүр, көмедім  
сатулы жыр...  
Адамзатқа айтарға демесеңіз  
Азап гүмір екен гой  
акын ГУМЫР.

Аласұрган күйіндей айтары аңыз,  
Жыр қеулесе ындынды  
жай табамыз.  
Борышты бол біз солай өмір сүріп,  
Әр жүректің түбінен байқаламыз.



Жаным сыздар жорысам  
пенде түсін...  
Сорлаганың, қара өлең,  
сен де құсым!  
Екеуміздің еншіміз егіз тағдыр  
Мұң бар сосын жараган  
жер беті үшін.

Тамыз, 2014 жыл



\* \* \*

Жақтырта қоймас қаланың өнін,  
Жүргегі дархан далалық едім.  
Санама Сарысу сабыр күй теліп  
Қылған қыздай агады керім.

Фасырга шагып гұмыр айгагын,  
Өркениет кеулең шыныдай жанын.  
Самал кеп сырғып аймалап обед,  
Толқындарының тұлым-айдарын.

Тәңірі тартса талайлы шагын,  
Ақ таңы сыйлар арай құшагын.  
Қыз толқындары қыла қалса  
Күміс кекілін тарайды сағым.

Кер бесті күндер, кекілді ме едің?  
Кеудеме сыймай жетім жүргегім...  
Бұлығыш іштен тыныш аққаны  
Жан ағыстарым секілді менің.

Ағыстың үні, толқынның әні,  
Шетін мұңымды шертіп жүр олі.  
Мұлгіген дала, ексіген өзен  
Обектеп, менің дертімді үгады.


Жагаңнан жайсан сыр өпкем жана,  
Жұпарын жұптап дір еткен дала.  
Үяндау аққан толқынның үнін  
Тыңдар ең тыныш жүрекпен гана...

\* \* \*

Ішке тартып тұргаңда өлем демін,  
Тексіз қогам қылады төн ермегін.  
Көбелектей отқұмар, сен, адамзат  
Өүел баста-ақ нәпсіге төуелді едің.

Күлтелі ме, жиганың білтелі ме,  
Ақыл-ойдың шыгады кім торіне?!

Жатыш алыш жұмақтың саясынан  
Кол созатын пенде гой жын-перігे.





## САРЖАФАЛ КҮЗ

Сұлу күзді сұрланған тұман бұркеп,  
Іштей келем ыңылдан бір әнді үркек.  
Мен бейбакты, Тәңірім, жарылқасаң  
Махаббаттан жанымды қуандыр тек.

Өршеленген шабыт аз, шұбаміз көп,  
Жабырқасам жанымда жыр-ән ізгі от.  
Мәнім кетіп мен бар гой ойтпесе бұл  
Жер бетінен жүргем жоқ  
жұмақ ізде...

Қарындастан қалмаса  
Арда қоціл,  
Сәлем бермен иліп паңға небір.  
Анда-санда ақылым кіре қалса  
Мені қорқытатыны – жалған өмір.

Сенен емес, сүргүлт күз,  
содан қорқам,  
Арсыз күліп қарайды оған да ортам.  
Тыңыр таяп қалғанын сезінесің  
Аярлыққа алмасса обал мен қам!..

Сен көделі болғанда мен дәмелі,  
Жасауымыз керек ед елге оуелі...  
Бес күн өмір жалған бол бұлдыраса,  
Шындық іздең таусылыш нем бар еді?!



Шагырмагы шырайлы саржагал күз,  
Өуел баста-ак біз соны таңдағанбыз...  
Таусылудың жоні жоқ сондықтан да  
Сен де, мен де әзірге алданармыз...  
Саржагал күз...



• • •

Өңі қашқан ондірдей текті келін,  
Шемен-күйік шырмаган ет-жүрегін.  
Телміретін үмітшен батыс бетке  
Сосын жасшен жуатын бетті керім.

Белін бекем буыныш ертесімен,  
Бітеу жара, бітердей дерт осымен.  
Жігерлөніп қалатын жарын ойлан  
Түспесе де киындык желкесінен.

О, қайсарлық, сен неткен ор есім ең  
Ешбір соққы отпейтін кобесінен.  
Көздің жасын көрсетпей атасына  
Мұндасатың кеш батса енесімен.

Күр сұлдері аруақтан аумай қалған  
Өзегінде орт ексік лаулай жанган.  
Күнде ақбас шал дүгасын  
багыштайтын  
Жалғыз ұлым келер деп  
кан майданнан.

Сүм согыстың көрсетпе енді бетін.  
Тосып қалды-ау океzin шерлі жетім.  
Жалғыз ұлы қайтпаған  
қан майданнан  
Жетім шалдар бесікке телміретін...

Зарлы кемпір, жетім шал,  
жесір келін,  
Боздатқандай даламның тесін, белін.  
Соқыр үміт, қайғы-мұң, шер-сағыныш  
Ошак отын айтеуір өшірмедің...

...Дәл осындағы сорақы із өткеніңен  
Жазылмас дерт жаңыңда бектерілген.  
Жазатындай жарасын жауынгердің  
Белгі тақтық тесіне көк темірден.



## БИЛЕТ

Жанымның гүлін сүй де пек,  
 Арымның жырын күйге так.  
 Өмірлік билет тағдырың  
 Қайтесің, басқа билет ап...

Өзгердім, білем, өзгемін,  
 Пенденден бөлек сезгенім.  
 Жүректе шығар өмірің  
 Тіршілік қана — көздегің...

Сезімнің оты сұңғи кеп,  
 Түрленіп тұраր мың күй бол.  
 Менде де бар-ау бір тағдыр,  
 Сенде де бар-ау бір билет...

Бұрқансын, мейлі, галам, кек,  
 Көресің бәрін содан бек.  
 Айырбастап алғың келеді  
 Әйтсе де, білем, шамаң жок!

Сонымен құның өлшенер,  
 Құдайдан түскен бөлшек ол.  
 Ұсақтап жыртыш кете бер  
 Билетің құнсыз болса егер...

**САҒЫНЫШ**  
*(Қ.МЕДЕУБАЕВҚА)*

Бұлығыш бойда кетті өлең,  
Шумагы ретсіз... ретпенең.  
Сағыныш бар-ды біздерде  
Пендеуи сана жетпеген.

Құрлықтан озған қиялдай,  
Армандаш тағы сыя алмай.  
Бейкүнә шақты отырмын  
Өлеңнен сұрап үялмай,  
Өмірге көзім қия алмай...

Құдайым қалай дарытқан?!  
Қияндап кеттік қалыштан.  
Жанымызды алшақ қыла алмай  
Құрлықтар менен сауыт тән.

Жанынды, жаным, мендей көр,  
Талантқа тар-ау көндей жер.  
Құдірет рухы Құдайдың  
Осыдан кейін сенбей көр...

Мәңгілік болмай мон де кем,  
Тірліктен таштай жар бөтен.  
Жазмышка жазып тастаган  
Бақытсыз біздей бар ма екен?!

Қылтитыш жалған қоярдай,  
Өнерге мас боп, оянбай...



Жырга азық жалқы сөттерді  
Жарылқап, жалған дей алмай,

Жалғасып жырмен арамыз,  
Қабарып қалды қара күз.  
Жалғаннан шығып жарысып  
Өмірге көшіп барамыз...  
Кеңілден есіп наламыз.

Күтумен соны шаршамай,  
Суретін созбен саламыз.  
Қиялдан тұған қаршадай,  
Сезімге бесік қара қыз,

Оралмай қайта қинайды,  
Согардай қайта күй-жайды,  
Әйтпесе, біздің сағыныш  
Құрлыққа мынау сыймайды!

Талайсыз, білем, қалғаны,  
Сүйтгениң қандай арманы?!

Сағыныш сезім болмаса  
Өмірде басқа қалмады.

Маздаған сол гой сендері,  
Қоздаған сол гой мендері.  
Сағына білмес пенделер –  
Тірліктің ғана ермегі,  
Құлдықтың қара жоргегі...

**СЛОВАКИЯ-БРАТИСЛАВА.  
29 қазан, 2013 жыл**

\* \* \*

Көз алдымда ән елес, өлең қырат,  
Естіп·біліп болмайтын керең құлақ.  
Адамзат түр — тұлғасы таудан биік  
Топырактан өлгесін томен, бірақ...

Ақиқатты дүмшедей шала біліп,  
Өз ісінен жанына нала жұғыш,  
Адамзат түр табаны топыракта  
Жер-анасын қасірет алаңы қып...

Кем-кетікке күйініп, алаңдал бір,  
Ақыл-ардың иесі Адамзат түр...  
Кезі келсе биік ол періштеден  
Кейде айуан —  
Маңайын арамдал күр.

Жер-бесікте жайымен тербетіліп,  
Жата алмайды·ау алаңсызы  
пенде құліп.  
Алты құрлық мекені аз болғандай  
Аспан жайлышты айтады жерде турыш...

Кекейімде ән елес, өлең қырат,  
Жан тубіне кетіпті терең құлап.  
Адамзат түр — тұлғасы таудан биік  
Топырактан өлгесін томен, бірақ...

## «МҰҢАЙЫП ЖАТҚАН ЖАПЫРАҚ ЕДІ...»



\* \* \*

Тагы көктем, тагы да тылсым өлем,  
Қызгалдаққа қалқа деп  
құлшынар ең.

Ерке желмен ыргалыш аққайың түр  
Бойы сұнғақ басқадан, буршігі өлең.

Тагы көктем – түмадай тұна қалған.  
Болмысы – жыр өлкемнің  
шуагы – Ардан.  
Балбырайды жер-жанаң  
балқыш нұрга  
Түрленеді мұза боп мына жалған.

Тагы көктем  
Жер-көктің иіп жаңы.  
Көңілімді көктемнің күйі үрлады.  
Самал тербел майысса гүл-бәйшешек  
Ол бейне бір – қалқамның  
қызылғаны.

Тагы көктем... таза, пәк,  
тым балауса.  
Гүл тагыныш, атырап сырғаланса –  
Мың құмартыш тагы да  
музаны ойлан,  
Жан дүниен, қайтер ең,  
жырга оранса.



Тагы көктем  
Маңайым тұнық әлем,  
Көктем қыздың көзінен сыр үғар ең.  
Бір ақынның музасы кетіп барад  
Карал түрмән жай гана құныға мен...

**Мамыр, 2010 жыл**

\* \* \*

Сіміріп күннен түскен шуақ-нұрды,  
Аралап кетті гүлдер қырат-қырды.  
Дүние дел-сал күйде тына қалыш,  
Күйіне бозторғайдың құлақ түрді.

Керілген көктеменің көркі қандай?  
Корінген бұта біткен дергіп, Алла-ай,  
Жүректі жан өртіне салып бітті  
Жашырақ сылдыр-сылдыр  
шолпылардай.

Тұз дала тіл қатады таң ғұмырдан,  
Тамылжып таңғы нұрдан  
ән құбылған.

Балбырап көктен арай еріп түссе  
Балқытып бала дүние бал қуырган.

Бергісіз корінеді Айың Құнге,  
Құлшырган сайын мұлде қайың, гүл де.  
Самал жел сал ғұмырды сишаң өтіп  
Білмей жүр ақтарарын жайын кімге.

Бір талда бүршік жарған түрлі жүрек,  
Өзінше сыйдыры көп, күмбірі көп.  
Аралап акша бүлтты Қар қызы жүр  
Жаратқан неткен шебер бұл құдірет?!

26 қыркүйек, 2012 жыл



\* \* \*

Ортеніп кетті күн иіп кеп,  
Дидарын даламның сүйіп бол.  
Қимауын қараши батарда  
Иманын оқиды биікте от...

Орт еміп, өртеніп күйі ішкі,  
Кешкілік күн мен түн түйісті.  
Фашықтар секілді құмартқан –  
Екеуі қыш-қызыл сүйісті.

Күн қызыл,  
Гүл қызыл,  
Аспан өрт,  
Түнгі жыр...  
түнгі жыр – басқа дерт.  
Үяттан қызарыш бұлт қалды  
«Өп, бәлем, көрермін, саспа» деп.

Сүйістер шашқандай іңірге от,  
Күн кетті, түн қалды күбірлеп.  
Жамырап жұлдыздар оянды  
Құлаққа қызғаныш  
сыбыр кеп...

Өсек те, өлең де айтылды,  
Әңгіме еді бұл қай түнгі?  
Жұлдыздар мазасын кетіріп  
Ақырын керіліп Ай туды.



Ай – сұлу нені үқсын, түсініп,  
Басында тартынды қысылыш.  
Ақыры жүлдымадар жаудырган  
Өсектен барады ісініп...



## ҚАРАША

Көктем өтіп, күз келіп, күмілжідім,  
Құйын, дауыл қараша құбылды күн.  
Түйткілі кеп тырбанған тірлігімнің  
Тағдыр мыстан тілгілең туырлығын.

Сұп-сұр аспан, қараша, сұрқы үрейлі,  
Алқымнан ап долы жел сілкілейді.  
Сықытынан айрылған қара ағаштың  
Қабагына қабарыш мұң тунейді.

Жүргіме менің де мұң жамалыш,  
Тажал тағдыр жанымды  
тырнады анық.

Діңгегінен нық тұрган қарт еменді  
Долы дауыл құлатпақ ыргап алыш...

Шалқарымның мұз қатып ернеуіне,  
Шараптайын жутамын шерді еміне.  
Басымға кеп бұлышығыр мезет түнеп,  
Батпан қайғы байланды белдеуіме.

Күңгірт тартқан күйім бул базыналы,  
Қарлы жаңбыр, қараша азынады.  
Қараша отсе беймәлім желтоқсанда  
Пешенеме қай тағдыр жазылары...

Қараша, 2010 жыл

四、總論

Күздің келгенін бұлттар айтады,  
Төңірек түгел тұлданып.  
Қызық құғандар жүртка қайтады,  
Жүртка қайтады будданып.

Мезгіл тезіне төзеге алмайды алап,  
Суынған содан күнді көр.  
Тұлдырып алемді тозандай қағад,  
Жымысқы мінез жынды жел.

Жасанған әлем жалаңаш тіптен,  
Бірінің өне көзі аққан.  
Жұмак-тың кеше  
tal-aғаш біткен  
Күйлған сынды тозақça.

Сүрланған сұзық  
құтырды тегі,  
Ұмытқан, білем, Алласын.  
Ажалдан бөрі үкім күтеді  
Сезеді-ау түбі оибасын.

Дауыл боп соқты  
дариядай күш,  
Айылын жиып үлгермей.  
Таяғын ұстап қария байгус  
Ажалын іздең жургендей.



Мәнісі бар ма мезгілдің әнін  
Кектем деп көтермеледің.  
Күз гұмыр келіп сездірді бәрін  
Алдамшы...  
Бекерге келдім.

7 тамыз, 2012 жыл

## ЖАПЫРАҚ

Күз келді сүрғылт атырап, маңай  
Қараша тірлік қапталымда тұр.  
Сарғайған бейбақ жапырақтар-ай  
Табан астында тапталыш жатыр.

Кектем-ай керім, сайындан белге  
Кешуші еді оны қақыратты оңай.  
Жапырақтар-ай жайылған жерге  
Мұндыма менің татымақ талай.

Солғындау тартты қашыда реңі  
Мезгілдің қатал ызбары буып.  
Мұндайып жатқан жапырақ еді.  
Әкетті құздің ызгары қуыш.

Өуені құздің әнге үласты ауыр,  
Жапырақ біткен жайрап, маталыш.  
Қагыныш жүрген қаңғыбас дауыл,  
Қаңғытар екен қай жаққа апарып?..

Қазан, 2010 жыл




\* \* \*

Күз келеді,  
Қара сұық қусырып қыз денені.  
Қанатында құстардың кетеді ұшып  
Қалықтаган көктемнің ізгі өлеңі.

Мен қараймын,  
Елес болып қаларсың енді арай күн.  
Қанатымен ұшқан қаз қағып өтер  
Қаудыраган қалдығын  
шерлі арайдың.

Бекі денем,  
Сабырымды қайтейін сөтінеген.  
Алты Алаштан қалғаны қазақ қана  
Күзден қалған жанымда жетім өлең...



## ҚАР

Қар жауды,  
Алғашқы қар!  
Жауысында мән барды.  
Дауысында дір-дір еткен он қалды.  
Жалбарының қар тілеген жер еді:  
Күз болгалы бейшара жер себебі  
Әбүйірсіз қалмағына арланды.

Жапырақ жоқ, жағалауга қонбай күс,  
Тоз-тоз күйі жетім қалды жер байғұс.  
Кектің аяп, жылай-жылай көзі акты  
Қара күзге қарсы тұрар болмай күш.

Кек жылады, көп жылады сазарып,  
Күз жанышта мейірімнің азы анық.  
Періштелер мамықтарын боратты  
Жерге қорған, күз айуанға жазағып.

Күн мен ақ қар шағылышын қыратта,  
Көз қарыңты қарай алмай үятқа.  
Әзірейіл аяз төзбей бірақ та  
Жылыльыңты қуыш тықты жырақса.

Аяз айтты: «Ей, қар мен нур,  
Шағылышпай әрмен жүр».  
Қарға тагы тіл қатады: «Мінезсіз,  
тапталуға келіп пе едің, бар болғыр».

Жазығы жоқ, қар бейбаққа не шара?  
Жерге бола түсіп еді кеше ана.  
Сен де мені сөгесің-ау жосықсыз  
Артың айтсам кеш, ага!

\* \* \*

Ақ қанат қар,  
Тұлдыр жатқан төсейді баққа маңпал.  
Күллі әлемнің күнәсін бүркей салып,  
Жұмыр жерге жеткізег Хақтан ақпар.

Сыз жүргегі –  
Күзді кері тастауга үздігеді.  
Аппақ болып тусақ та... тосар алдан  
Қарауытқан дүние бізді үнемі.

Кеткен есі,  
Риясыздық ақ қарда жоқ демеші.  
Сезімдерге тұратын ерік беріп  
Күнәшарлау сенен де қоқтем осы.

Көбелектей,  
Жауған қарды көр, коне, олең етпей.  
Мені жалған дүние жалыңтырды  
Сені тағы алмады жер обектей.

Ақ қанатым,  
Менен ғөрі сен едің Хаққа жаңын.  
Дүние-есеп шешімін таба алмай дал  
Олеңіңің үйқасын тапқан ақын...

Қараша, 2011 жыл

## «СЫРГАНДАЙ ДІРІЛ ҚАҒАТАЫН ЖАНЫМ...»



КЫЗЫЛ ПАЛЬТО

Жоқ шыгар сірө, таласы жаттың,  
Дел-сал қыш жанды жаңа шуақ күн.  
Риясыз реңің, талдырмаш бойың  
Кыш-кызыл пальтоң жарасып-ак тұр.

Қып-қызыл пальто қыз гүмәрдай ма,  
Қыз көктем мынау сізді жырлай ма?  
Үр жаңа, қызыл пальто киген қыз  
Кеміп кеткендей бізді бір жайға.

Қып-қызыл пальто, қыз коктем мынау,  
Жүрегім, жаным, сызды откердің-ау.  
Сызылған қалқа, бейуақ мезгілде  
Жұмбак бір жайды ізден пе ем мынау?!

## Кып-кызыл пальто

## Күмарым ба едің?

Кылышты қалқа жыр-әнім менің.  
Басқа күндерден бақыттырақ-ау  
Байыз тапшаган мына күндерім,

## Кып-кызыл пальто...

## Көрімдік қайда,

Керікті ой келіп көнілді ықтайды?

## Көрімдігіңе жығыр үсынамын

Комсынбай қалқа сонымды үкпай ма?..

10 наурыз, 2010 жыл



## ҚОШТАСУ

Қимасам да қоштастым  
 «кете бер» деп,  
 Сүймегенге сүйгендер еken ермек.  
 Сендік мұң гүмырымда енді қалған  
 Жыр қеудем жауқемдеуге  
 жете бермек.

Өмір сүрмей қазір біз күнелтеміз,  
 Қайбір соны кетті үгыш  
 тым ерке қызы.  
 Ақыл-ой жанга дауа болмайды еken  
 Жабықса жүрек дейтін жыр өлкеніз.

Жатпаган соң лапылдан ішінде жыр,  
 Құрыш кеткір тірлікті қысыр де бүл.  
 Сені қайдам, ғашықтар мен білетін  
 Қол үстасып суреді тусінде өмір.

Ондай бейкүнәларға бақ бер, Құдай,  
 Сүм өмірді сүрмес ем әттең бұлай.  
 Сүйдіріп сабырынды сарқа-сарқа  
 Үсташай кетеді еken сәттер қумай.

Ғибраттан биіктеу гүмыры Арман,  
 Үңтық жүрек қеудемді бүріп алған.  
 Ақиқатқа жүгінсе, сойлері анық  
 Ғашықтардың тілінде тубі жалған...

Ермек қып күлкіні бір, үйқыны бір,  
Осылай отіп жатыр куйкі гұмыр.  
Сұрланған сан елесте бір жұбаныш –  
Сендері сұлулыңтың сүйкімі жүр...



卷之三

Алып-үшқан аз гана бақ қысқарып,  
Сүмбіледей сұығаның іш қарып,  
Жұлдыз, сонда жанартауым атқақтап  
Биігінен бір жұлдызым түсті ағыш.

Манаураган мың күй өріп дененде,  
Тіркес таптай тұрыш қалам тәцерге.  
Өзге түгіл өзім үгыш болмаган  
Ақындығым бақытты екен сенен де...

Кез жанарың жалт еткенде жақұттай,  
Алаботен алабұртам жат үкпай.  
Жүлдыш біткен сыйды ақын кеудеме  
Шексіздігі – кеңістік пен уақыттай.

Ессіз жігіт ерке назга елітіп,  
Шыгарыш сап, алғаны жоқ не күтіп.  
Тым биікке жақпақшы ол да  
Жұлдызын  
Жер бетінде болмаған соң теңі түк.



## МУЗА

Сиқыры бөлек сырға бөгелдім,  
 Үйқыны бөгеп, мұңға неге ендім?  
 Еліктей ерке, есімді алатын  
 Жаршысы ма едің жұмбақ олемнің?

Құралай көзге құнықтым қалай,  
 Түңғиық барын шын үқтырды онай.  
 Кішкентай, нәзік, жинақы бойға  
 Сұлулық біткен сиып түр қалай?

Назыңнан қалқа бүлініп бетер,  
 Лебізден сұлу сыр үгыш шекер.  
 Небір ер маңғаз жаныңа барса  
 Жігері білем, үгіліп кетер.

Күлкісі сиқыр, гүл өні көктем,  
 Риясыз еді іреңі неткен?!

Жүргегі құрығыр ынтыға берді  
 Үнтық та болмай жүр еді көптен,

Раушандай алау еріні дерсің,  
 Сәбидің даусы дем-үні дерсің.  
 Қайдан жүр жерде періште, бәлкім  
 Перизаттардың керімі дерсің.

Мамыр, 2010 жыл

\* \* \*

Тудыра салған текті олең,  
Керікті қалқа, көктем ең.  
Ақындық қиял болмаса  
Адамның қолы жетпеген.

Кеудене күдік орнаса,  
Қасірет емес ол да аса.  
Пенденің мұны белгілі...  
Ақынның мұны болмаса,  
Дүние түгел далбаса.

Ақынның мұны сүйген бұл –  
Кейлектен тәнің киген жыр.  
Кейлектің сыйып ішіне  
Дүние түгел билеп жур.

Жүректі жыр гып сойлеткен,  
Тұнекті нұр гып кейде ешпен.  
Дүние күліп тұрады  
Кос етек дүрия кейлектен.

Керетін оны көз керек,  
Жүрек пе балқім өзгерек?!

Ақындық отқа қүйгенсің  
Тағдырың солай тәз, демек!



Өлеңім сынды піспеген,  
Түсіре алмай тістенем.  
Кейлектің іші-сыртындағ  
Осы екен өң мен түс деген...

8 маусым, 2012 жыл

## СӨЛ МУҢАЙСАЦ...

Күркіреген кеудемің от кемері –  
Шарпыш отер, орынсыз сөкпе мәні.  
Жырга айналған  
жанымның жасын, нұры  
Сал мұңайсаң көрерсің көктен оны.

Сол мұңайсаң...

қамыгыш жерге үңілме,  
Шагам деме сырымды енді кімге,  
Пұл іздемей, жалғаннан жыр іздеген  
Кокте жүрген құлақ тос мендік үнге.

Соны тыңда, өртенбе, өртен мейлі.  
Файыптан кеп жаныңды сол тербейді...  
Келмеске еніп кетсем де көк жүзіне  
Жыр боп өнген сеаімнің серті өлмейді.

Күдік кеулем, кеткенде кеміп үміт,  
Жырга айналар кеудемің демі-кулік.  
Кеңіл сұлық кетер ем онсыз, сіра,  
Өмір суріп келемін соны біліп.

Жүргеніммен ортага сыйыш ботен,  
Жырызы өмір сургенім күйікке тең.  
Қарға сүйген қызығы қу тірліктің  
Арга түйген жырымнан биік пе екен?!

Шілде, 2011 жыл



\* \* \*

Мамықтай үлбіреген Малика қызы,  
Сыпайы сылқым сырлы салиқанызы.  
Аспандап акку қанат, көктем коркің  
Көмкеріп корсетердей фәниді аңыз.

Малика – атына сай періште қызы,  
Табысқан тағдырлардай еністе егіз.  
Сыңарсыз сыңсу айтқан мұңдықтарға  
Жүректен жұдырықтай төр үстеніз.

Малика, баяу қалқыш есілесің,  
Сен жаққа ауа берді несіне есім?..  
Кезінде көктемеңнің гүлдемесең  
Сезімге салқын түссе кешігесің...

Малика – сайга біткен бүлдіргендей,  
Лұпілі қос жүректің... кім білгендей?  
Қытығы көңілдердің кірбіңге енбей.  
Айтуға алабұртыш тіл қатпадым  
Қайтуға қайран бар ма,  
жүргім келмей.

Малика, жұз бүлініп, мың құбылдым,  
Алдында сұлулықтың құлдық үрдым.  
Мейіздей ноқат менге қарай бердім  
Түйткілі тарқайтындаі тірлігімнің.

30 қараша, 2011 жыл

## ЖАНАР

Жаныма жұмбақ күй тұныш ауыр,  
Қана алмай кеткем сиқырыща бір.  
Кездесе кетсем үздіктіретін  
Сұлұым едің сүйкімі лағыл.

Шашылған шақта жүзінен жақұт  
Табатындаі-ақ ізінен бақыт.  
Сыргандаі діріл қагатын жаным  
Мойылдаі көзің сузілген уақыт.

Даусының тәтті сазынан ерен,  
Жолына жыр бол жазыла берем.  
Аузыны ашса ай-жүлдүз құлап  
Өріле кеткен назынан өлең.

Нәзігі ме едің нәресте жырдың?  
Әлемі гажап ән ескегінің.  
Көрмей-ақ кетсем қайтетін еді  
Ынтығымды үрлап тағы  
еске кірдің.

Кімге айтам мына  
күйімді ботен?  
Кеудеме жыр бол  
күйылды бекем.  
Әлемнің күллі әдемі көркі  
Бетіңе мен бол түйілді ме екен?



Бір сендік қашан алаң басылар,  
Сагыныш сіра, бағанды асырар.  
Жазылмай жүрген мендегі жырдың  
Үзігі сендік жанаңда шыгар.

Қарааша, 2010 жыл

\* \* \*

Журнағы сынды мендегі мұңның  
Өлшемі – сендік күдіктің.  
Қиналмай ғана сенде бір күні  
Біржола мені ұмытқын.

Мендегі жырдың тұма мекені,  
Сен ғана деп пе ең, жарығым.  
Сүйе білмеген жылап өтеді  
Сүйгеннің білмей қадірін.

Біз сүйген қектем қуара жудеп,  
Осылай үнсіз семеді.  
Мені ойлап бекер жыламашы тек  
Көз жасың ауыр, себебі...

Қалып па еді амал мұнан да бөлек,  
Менен де бәлкім бар айыш.  
Тогыса алмаган бір арнаға кеп  
Көс тағдыр болыш қалайық,

Осылай кес те бір үкімді ерен  
Іздеме жаңга еш дәру.  
...Әмірдің бәрі ұмыту менен  
Сагынып қайта еске алу.

Ақпаз, 2011 жыл



**ОН БЕС**  
*(К.Х.-га)*

Ей, Кәмшат қызы!  
 Кермарадай көрілген,  
 Өндірінде толықсыған өмір ме ең?  
 Өлең саған неге керек онсыз да  
 Өлең аңқыш тұрган жоқ па демінен?!

Он бесінде от оранған жасын ең,  
 Сен өлеңсің, шабыт шығар бәсірең.  
 Сені көрдім өмір өртке түсе сап  
 Өлең жазған өзі өлең басымен.

Алыш-үшқан ақындықтың талғамы,  
 Мен-зең етті... мені саған арбады...  
 Дүниенің есеп бәрі, былғанбай  
 Өлең ғана қалғаны.

Фени-жалған ар-ибаңнан сол тәмен,  
 Жыр жазғанинан өспесе де мәртебем,  
 Дүниеге келмес пе едім құдірет  
 Өзегімді өлең болмай өртеген...

Әйтпесе, бұл нем бар еді басқада,  
 Жазған жырым өмірінен асқақ, ә?!

Омір бойы сагынамын өзімді  
 Өлең сынды – он бестегі жас бала...

25 шілде, 2013 жыл

### ҚҰНЫҒЫШ...

Ақ шұға – ақша бет, гүл ерін,  
Араймен аптаған түр-өңін.  
Мұнарды маңытып күн шықса –  
Жымия салғаны бұл – оның.

Тілінен жыр ағып, сыр ағып,  
Лебізі түскендей гүл алып.  
Буралып басады, соңында –  
Есілген еркелік, бұлалық.

Байыз да тапшайсың тұрақтап,  
Жамалы... жанаары ұнап қап.  
Бір аттап, екі аттап ақырын  
Жылатьш кетеді жырақтап.

Не деген керемет үйлесім,  
Бурала басқанын күй десін.  
Күн болыш кезеді көк жүзін  
Күйдіріп кетеді сүймесін.

Байыппен өрілген ерек үн,  
Түсінбей, түсініп келемін.  
Бір-ақ тал шашына татымай  
Адыра қалды-ау бар өлеңім.



Ұрыныш, тағы да бұлініп...  
Мезі етіп бітірді ұры үміт.  
Сұайліп қарасам қызығыш,  
Үзіліп кетермін...  
Құнығыш...

28 қыркүйек, 2011 жыл

\* \* \*

Ұмыта алмай,  
Ақ параққа жүректің жыры тамбай.  
Тагы отырмын таусылдып тылсым іздең  
Жаунар күндер жанымды  
жылыта алмай...

Құралайым,  
Тек өзіме қатысты мына жайым.  
Жалғыз сенің жақуттай жанаңыца  
Атар таңың қыншып ем нұр-арайын.

Шырын қылышқ,  
Сен жынысаң туратын гүмүр құліп.  
Тал шыбықтай бойыңда Тәңірі өзі  
Күллі олемнің қойған ба сырғын бүгіп?!

Сәби үнің,  
Естідім де елітіп тагы үйидым.  
Менің жаным сезімнің ақ бораны  
Сенің жаның иоп-нәзік өн-иірім,

Ерек керім,  
Тербел жаннның – самалың –  
желектерін.  
Ақ боранда адасын әлі жүрмін  
Сиқырыңың таба алмай себептерін!..

Мамыр, 2010 жыл



• • •

Жаралмайды жаңында жоқтан сенім,  
Жалыны ыстық көзінде от бар сенің.  
Қыз көктемді қүшқанмен құмарлана  
Жайын білмей келемін кеп нарсенін...

Кеудемдегі махаббат кекті олтіред,  
Жанарыңа қалғандай көктем тунеп.  
Жуыш-шайып кетеді бар өкпенді  
Олendorім жанымнан жеткен тулең.

Еркелігің бар онда, назың онда,  
Осы олеңде өкпен де, базынаң да.  
Жүргегімнің сен дейтін белшегі сол  
Жүргегіне медет кыл жазың ал да.

Ақ сәулелер тыныстар ай қабагың,  
Күйін шертем көңілде қай наланың?!  
Шоқ жұлдыздай шашырап өлеңдерім  
Бұрымына білдін бе байланарын?!

Сырбаз-сырбаз сыр айтар  
сыршылым ең,  
Сүйкіміңе сұқтансам жыр сіңірем.  
Сәби сынды қарайтын айналага  
Сені көрем ак кайын буршігінен.

Шуагынан таңдардың сені көрем,  
Журегімнің дауа боп еміне олең.

Көк теңізге шомам да көзіңдегі  
Елесіңе емініп, тебіренем.

Сүңгыла жыр, сезімнің кемерінде от,  
Жырым жұрсін жаңында желегің бол.  
Мен ақын бол кетейін сенің үшін  
Ал, сен қалшы мәңгілік өлецім бол.

28 наурыз, 2011 жыл



\* \* \*

Мен сені күткен едім...  
 Онсыз да тірлікке жоқ түк керегім.  
 Кірпігің қаққанында арасында  
 Жанымның білмегем мың бүктелерін.

Жаным не жұпталып,  
 Жатса да тынышым жоқ,  
сезікті анық...  
 Мен сені бұрынырақ сүйеттімін  
 Жұлдыздан заулап ақсан озып барып.

Сен содан нені үғындың?  
 Нұктесі меңің шығар өмірімнің.  
 Сәулеге сенен тускен шагылышып  
 Дір етер ашыларда өзі гүлдің.

Күлкінді көріп ардай,  
 Бір турлі жұмақ тусін жорығандай.  
 Өмірге өгей күйі өтіп барам  
 Құдірет аластады мені қандай?..

Жолымнан жолыгардай,  
 Өзіммен өзім жүрем болып Алла-ай!  
 Сәулелі сиқыр сіңген нұрлы бейнен,  
 Откенің қандай жақсы  
соны үга алмай?!  
 Мені үга алмай...

## И-ға

## I

Адалдығын айғақтар жауған ақ қар,  
 Ақша жүзің албырап таңды адақтар.  
 Орыс қызы, Ирина, кел екеуміз  
 Сыр есейік арайлы таңға маңпал.

Теңіздейін тулайды жиі асау қан,  
 Тарпаң мінез жігіт ем күйі асаудан.  
 Құдіретін қарашы Жаратқаның  
 Кектің нұрын көзіңде құя салған.

Көз нұрыңмен арбайсың сузіліп бір,  
 Қызығып бір қараймын, бұзылышп бір.  
 Кірпігінді қағасың, қагып қалсаң  
 Кек жүзінен тусердей үзіліп гүл.

Кездесудің кейимін кештігіне,  
 Бақыт жырын сыйдырдым бес күніңе,  
 Бала күнгі қиялдың түнбасындаі  
 Ертегі бол сіңерсің ес түбіне.

Сендік сұлу мұсіннің шегі бар ма?  
 Жаза көрсін жүректің емін Алла.  
 Тілейтінім Тәңірден бір-ақ амал  
 Сенде жүрек болсыншы мені ұгарга.



## II

Өсегіне қарамай қалың елдің,  
Ирина қыз, сені іздеп тағы келдім.  
Хабаршысы секілді жүргегінің  
Сол дір етті сезімнен ару ернің.

Жақын барсам кетер ме ең  
енде үзіліш,  
Жүрек тулап, тамырда сен бұзылыш,  
Періштеге заматта айналдың-ау  
Күйді кешіп көрмеген пендे үгышынш.

Жаның, сірә, шуақа түр боленіп,  
Күннен еріп жаныма нұр боп еніп.  
Жалқынданған жүзінің садағасы –  
Бара жатты аспанды күн конеріп.

Бірде тұрам кептім деп неге осыны,  
Күн мен түннің секілді теңесуі.  
Күллі өлемнің жарығы маған құлап  
Ашылғандай жалганның кең есігі.

Кеңістікте керім Ай – қас қызыны,  
Жанарыңды жағалап жас тығызын.  
Қарға аунаған тулкідей қылаң беріп  
Белден томен етекке қаштың үміт...

Қос ишкіта қара шаш қара түн бол,  
Алтын айдар таң сүйді қанатын кеп.

Күдіретті немесе Тәңір Ием  
 «Періште қыз,  
 сен солай жаратыл» деп,

Үріп өзі ауызга сала салған,  
 Қара түгіл көзінің аласы арман.  
 Бешпетінің бедерлі түймелері  
 Ай жүзінен домалап тама салған.

Арнасын жеті өзеннің жалғап аққан,  
 Лебізі шекер сынды балға қатқан.  
 Аз гана мұзығын түнде көзін ашса  
 Еркелеп күн шығады таң қабактан.

Тылсымның буы сынды түсін көріп,  
 Қайғы-мұң кете барды ішімде өліп.  
 Ұыздай ұылжыған әр мүшесі  
 Ғұмырда қайталанбас мусін делік.

Бұл өзі судан емес, будан делік,  
 Жұмақтың хош иісі түнған келіп.  
 Кенбейтін қайырымға, иірімге  
 Шарықтарап кете берер  
 сырлы өн деп үк.

Періште құлар білем, пенде түгіл,  
 Көрсе егер ынтығады жер беті – бұл.  
 Жананда бір сұлулық болса егер де  
 Мейіздей мені гана келбетінің.



Тұргандай әспеттеуі кем бол алі,  
Әлемде бұған келер тен жоқ алі.  
Пенденің қолы жетпес бұл кім десең  
Ұшатын бақыт құсы ең жогары.

Ирина...

\* \* \*

Өктемси соқпай өкпеге тиген  
өкпек жел,  
Согатын күзде, согатын ерте  
көктемде ол.  
Өмір гой дейсің откен күн,  
келер уақытты  
Өмір дегенің – ақыллың, ойың  
жеткен жер...

«Сагындым, жаным» дегенің естен  
кетпей бір,  
Фашық екенсің — сагынышыңнан да  
коктей біл.  
Бабамның кеше далалық миы  
жеткенге  
Оқыған менің қалалық миым  
жетпей жур...

Қанымда күллі сагыныш сырлы  
ән қалқып,  
Жанымның одан қалмапты жері  
сау-тамтық.  
Алысты болжап білетін  
акыл-ес бермей,  
Кеудеме менің жүрек беріпті  
тарпаң қып.



Асаудай соның баса алмай селін  
құргатыш,  
Ет-журегіңмен елжірей сүйсек  
шын бақыт.  
Мен кейде мынау күл-қоқысқа онген  
өмірден  
Табылғанына таң қала берем  
жырга күт.

\* \* \*

Жырымдай қиялдагы жаза алмаган,  
Сендеңі сүйкім гажап, ажар – галам.  
Мен сенің магмұрыңа өлең төсеп  
Жанынды жырмен қауыш,  
мазанды алам.

Тұртқілеп түйсігімді тудың өзің,  
Мәлдіреп нұрлы көзің, гүл мінезің.  
Еркелеп жүрсің енді қиялымда  
Құлатып аспандагы Құннің өзін.

Басқалар үлбіресе, үлбіресін,  
Сен солай кірпік қагып нұрды үзесің.  
Сәждеге мың нілген молда құсан  
Қылады елесіңде құлдық есім.

Күйімді баса аламастан толқынысты,  
Өрекпіп өзектегі өртім ішкі.  
Жүрегім симайды, әттең, өз кеудеме,  
Тұздей кен...  
Жер тынысты...

P.S.

Жырымдай қиялдагы жаза алмаган...



\* \* \*

Шығыстың қызы – қылышты керім,  
Жүргегім сенен үмітті менің.  
Кеудеме даусың жұмақ бол орнап  
Мұз коңілімді жібітті демің.

Тербейсің жанды тамылжып, күліп,  
Ақ үлпа қармен арың жұп құрып.  
Алтайдан кеп пе ең ақ көйлегіңе  
Шығыстың шәрбөт таңын жүктырып.

Бес күндік мынау фәниіндегі,  
Тарпаң ем  
Мен де танинын нені?!

Балбалдан емес, бізден үмітті  
Алтайдың түңгыш акының елі.

Сымсылдаپ үшқан сары ала қаздай,  
Жүрекке жазып, санама жазбай,  
Кетесің...

Сендік сезімнен өршіп  
Баба муратым жана ма маздай?!

Аспаннан төнген Ай үлбірерсің,  
Қоштасқан сөт сол жайымды көрсін.  
Қазтуған жырдың базынасындей  
Бізден де «Сізге қайырлы болсын!».

Қайырлы болсын беліскен сезім,  
Есен жургейсің көріскенше өзің.  
Түбі бір согам Тұран Алтайға  
Өзірге осы – келіскен сезім.

Шығыстың қызы...  
Сезім емделмей –  
Қоштасар сөттің кезі келгендей:  
Менмендеу ақын кетіп барады  
Өмірден көріп...  
Өзінен көрмей.





\* \* \*

Тосыла бердім, таусыла жүдеп,  
Кескінің керім он, шуга, жібек.  
Жұпарға балап демінді жұттым  
Рауандап атқан таң шуагы деп.

Лебізге балқып айрылыш естен,  
Кез жаза бере қайты-мұң ескем.  
Перизат тұран аққу мұсіндім  
Қанаттарыңа ай-күн ілескен.

Сүйкімнің бәрі жүзіне дарып,  
Ізгілік көрдім ізінен анық.  
Сыргаца тұнған аялы сөуле  
Сағым бол үшты үзіле барып,

Үрлаған сол ғой мазамды келіп,  
Жүректе жалын ғазал-жыр өріп.  
Сағымга сіңіп жогалды сотте  
Мен сүйген сұлу, ажарлы керік.

Қимайтын әсте өкпеге бөтен,  
Шербәт күндерім шектеле ме екен?  
Жібек жүзінді жел болыш сүйіп  
Ілесіп соңда кетпеген екем?!

Ақпан, 2011 жыл

## ҮШЕМ

### I

Кез алдында кым-куыт қала шуы,  
Жанаарыма қадалған дала сұғы.  
Соның бәрін көме сап сендік елес  
Жасаурайды жалғаның қарашығы.

Кек аспандай көзіце күн маталыш,  
Бір қуантып, қояды бір қата қып.  
Сені ойладым...  
Содан соң жырға таңып,  
Самал қызға сағымнан сырға тағып.

Қиялымнан құстардың қиқуы еріп,  
Қара түнге қайғы алдым, үйқы беріп.  
Сұлу-сұлу ойларға сиңір еніп,  
Сұлу бейнең санамда сүйкім еріп...

Ай нұрына қаныққан жүлдзыз қылых,  
Түйсігімнің түбінде түн булығыш.  
Сүйістерден қуралған сәби үнің  
Көңілімде қап қойған қірбінді үзіп.

Өн бойымнан жогалып өкпе-нала,  
Әр тышысым әуен бол кекте жаңа.  
Сенің әр тал шашыңа ан бағыштап,  
Жақындассын деп сұшп кеткен ара,



Мейірленіп уақыт таңды әкеліп,  
Арай емген жүзінен арга теліп,  
Балбыраған балауса балғын нұрыш  
Тән түгілі тұрганда қанга сеуіп.

Жүрегімнің тұсына егіл ән бол,  
Күнікейдей, көріктім, не күнәң жок.  
Адалдығың демінде нөрестенің  
Тұла бойын тастаган сезім әрлең.

Қадірінді білмедім қалай ғана?  
Мағына жоқ өмірде, маңай — мола.  
Бақыт құсы секілді түу биіктен  
Сан айнала бересің арайланы,

Күйігіме кеттің бе төзіп ал деп,  
Күйінбекен ақынның кезі бар ма ед?!

Өзің болып түрленген өмір-әннің  
Қайырмасы бол дагы, озып ал деп...

P.S. Оралшы... өзің ән бол!!!

## II

Жыр тілінде кісінеп құлын қырат,  
 Тұлкі іңірге тұтылды күнім құлап,  
 Кеше жазып жубанған жібек коніл  
 Тағы мазам болмады бүгін бірақ...

Сагыныштан бәлкім, ол – сен ұсынар,  
 Құдіреттің бойында не күші бар?!  
 Жақын барсам көңілім кемісі бар,  
 Алыс қалсам қеудемнің демісің әр...  
 Фаламаттың біріндей мен ұшырап?!

Тырбангым жоқ тірлікте тек  
 тырысып,  
 Өлеңімді өзіме еттім ұшық.  
 Фаламаттан шықтың да ғасырдагы  
 Фаламатқа айналыш кеттің ұшып...

Жұмақ қеудем жұрттында сен тірісің,  
 Жарагансың мендік жан елту ұшін.  
 Тылсым демім бір жетер, күрсінгенім  
 Талыш кетіп алғанда жер тынысын...

Кездерімде қамығып жеке қалған,  
 Жатсам-турсам өзінді етем арман –  
 Құдіреттің ішінен ұшып шығып  
 Құдіретке айналыш кете барған...



## III

Саган ортақ қайғы-мұң маган сыңар,  
 Кеңіл алаң болған соң галам шұбар.  
 Өзегімді өртеген өндір өлең  
 Қырт өмірге қалдырыған  
 багам шығар...

Дәтің жетсе тутар ма ең соны кие,  
 Өлеңі бар ақынның... Өмірі не?!

Сайқалдың да арбалып желігіне,  
 Сайтанның да айналып серігіне,  
 Тұнерулі отырған түрім мынау  
 Дұра жазып өлеңмен өліміме...

Жат қылым болса да, сөкпе, бөтен,  
 Реніш те жоқ қеудем де өкпе де кем.  
 Қимас шаққа жүтірген қиялдай-аң  
 Даурен өмір дегенің отпелі екен.

Сагыныштың қеудеме сарыны ауган,  
 Күйкі тірлік – күнелту, әрі де арман.  
 Батқан күн мен атқан таң ажарында  
 Мендік құса қоңілдің табы қалған...

## ҚАЛҚАТАЙ

Гүлге оранған сұлулығын жер-көктің,  
Кірпігіңе іліп қойып тербеттім.  
Кектем сырлы елесіңе ынтығам,  
Күн дидарлы келбеттім.

Күйіп-жанып көріскендей  
күн мен түн,  
Алабұртып тұрады ылғи гүл көркің.  
Бақыт атты бесік болса әлемде  
Сені құшқан күндер-тін.

Ажарынан арай тамған, от ерін,  
Теңіз қеудем, сені іздеумен өтемін.  
Сен деп салған соңғы онімді,  
қалқатай,  
Күстарға айтып кетемін.

## МАЗМУНЫ

### «ЖЕР БЕТІНДЕ АҚЫРҒЫ АҚЫН ӨЛГЕНДЕ...»

Серт.....	4
Абылайдың түсі .....	6
Өңім сыйнық .....	7
«Қарағанды...» .....	9
Бері үлиды .....	11
«Теріп көр тарғымын баяғының...» ....	13
Сес .....	14
«Арқамды аруақ қысып...» .....	16
Ақ бауыр булттар .....	18
«Заманыңдан запыран, заһар ағып...» ...	20
Орал .....	21
Мысқыл .....	23
«Аламанда азұын айғабілеп...» .....	25
Өркениет .....	27
«Көңіл дәлбеп көгерптес кесегемді...» .....	28
«Будақ-будақ булт ауып тәбемізден...» .....	30
Ескі жүртта .....	32
Дауыс .....	34
Мен Түркі едім .....	35

### «БАРАДЫ БАТЫШ БІР КҮН...»

«Жамалы жақут нұрлы...» .....	38
Ана .....	40
Ақи күн .....	42
«Шүрқырап шықты құлғын дәм...» .....	43
«Ызгарымен ықтыхыран	

ізгі үмітті...*	44
«Мун жұтып кара түннің қабагынан...» .....	46
«Жүрек тулап, жынды қылып жүйке бір...» .....	47
Наз .....	49
«Сөулелерден сығымдаң сез қашадым...» .....	50
«Үзілген көктен жүлдізбын...» .....	52
«Жанымның елең ағып жылғасынан...» .....	53
«Каперімнен тамызып кара түнге ес...» .....	55
«Жақтырта қоймас қаланың еңіп...» .....	57
«Ішкө тартып тұрганда әлем демін...» .....	58
Саржагал күз .....	59
«Өні қашқан ендірдей тексті келіп...» .....	61
Билет .....	63
Сиғыныш .....	64
«Көз алдымда он елес, елең қырат...» ....	66

### **• МУҢАЙЫП ЖАТҚАН**

### **ЖАПЫРАҚ ЕДІ...»**

«Тағы көктем, тағы да тылсым әлем...» .....	68
«Сіміріп күнин түскен шұлқ-нұрды...» .....	70
«Ортеніп кетті күн...» .....	71
Қараша .....	73
«Күздік келгейнің бұлттар айтады...» ...	74
Жапырақ .....	76

«Күз келеді...» .....	77
Қар .....	78
«Ақ қанат қар...» .....	80

## «СЫРГАНДАЙ ДІРЛ ҚАФАТЫН ЖАНЫМ...»

Қызыл пальто .....	82
Қоштасу .....	83
«Алып үшқан аз гана бақ қыскарып...» .....	85
Музға .....	87
«Тудыра салғаш текті олең...» .....	88
Сал мұңайсаң .....	90
«Мамықтай үлбіреген...» .....	91
Жанар .....	92
«Жүрнагы сымды мендегі мұнцың...» ..	94
Он бес .....	95
Құнығып .....	96
Үмітта алмай .....	98
«Жаралмайды жаныңда	
жоқтай сенім...» .....	100
«Мен сені күткен едім...» .....	101
И-га .....	102
«Октемсі соқпай...» .....	106
«Жырымдай қиялдагы	
жаза алмаган...» .....	108
Шығыстың қызы .....	109
«Тосыла бердім, таусыла жүден...» ...	111
Ушем .....	112
Қалқатай .....	116

**Жанібек ӘЛИМАН  
СЕРТ  
(жыр кітабы)**

**Редакторы:**  
**Серік САҒЫНТАЙ**  
**Коркемдеуші:**  
**Алмаз МЫРЗАХМЕТ**

Дайын электрөздөү; тасымалдаушыдан  
«TENGRI LTD» баспаханасында басып  
шығарылды.

Караганды к., Бұқар жырау кешесі, 84  
тел.: 8/7212/43-19-54, 99-60-88,  
8 700 222 37 22  
8 702 222 30 22

Бесуга: 10.03.2015 ж. көл койылды.  
Пішімі: 60X84/16. Офсеттік магаз. Офсеттік  
басылым. Шартты баспа тибагы 5,75. Таралымы  
500 дана.

Талсырыс №



Жәнібек ӘЛИМАН —  
Қарағанды облысы,  
Шет ауданы, Нілді  
ауылдының 1990  
жылғы (25 мамыр)  
тұмасы. Академик  
Е.А.Бекетов  
атындағы Қарағанды  
мемлекеттік  
университетінің  
түлегі, магистр.  
Жұмабек ТӘШЕНЕВ  
атындағы "Жылдың  
үздік ақыны"  
сыйлығының иегері.